КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 21 маусым №5265-23-00-2/688 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Л.Н.Калдиева,
сот отырысының хатшысы Н.Нартайқызының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Басқарма)

ЖАУАПКЕР:
«ПМК-7К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - «ПМК-7К» ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Кулатаев,
жауапкер өкілі А.Кемельханова,
прокурор Ж.Азимбаева.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Шымкент қаласының «Тұран» ықшам ауданында 9 қабатты тұрғын үйлер салу (8 үйге арналған жобаны қайта қолдану). №37 және №38 тұрғын

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 29.06.2023
Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 01.08.2023
5265-23-3-6/38

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

үйлер». (Сыртқы инженерлік желілерсіз)» нысандарының құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізу үшін «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» ММ-мен (тапсырыс беруші) мен «ПМК-7К» ЖШС (өнім беруші) арасында 2020 жылдың 24 ақпанында №83 және №82 келісімшарттары мен 2022 жылдың 18 сәуірінде №83/7 және №82/7 қосымша келісім шарттары түзілген.

Аталған нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстары ағымдағы жылдың 30 қыркүйегінде аяқталып, пайдалануға берілуі тиіс болатын. Алайда, мердігер мекеме «ПМК-7К» ЖШС-ы тарапынан құрылысты ұйымдастыруы төмен деңгейде болуына байланысты бірқатар құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталмай нысанды пайдалануға тапсыруға мүмкіндік болмады.

Басқарма тарапынан 30 қараша 2022 жылы №19-06-04/5125 санды хатымен аяқталмай отырған барлық жұмыстарды ағымдағы жылдың 5 желтоқсанына дейін толығымен және сапалы аяқталуын қамтамасыз ету жөнінде мердігер мекеме «ПМК-7К» ЖШС-не ескерпе хат жолдаған.

Осының негізінде, келісімшарт міндеттемелері тиісті орындалмай, 2022 жылға қаралған қаржы игерілмегені үшін талап қоюшының тарапынан 14 қазан 2022 жылы №19-06-04/4227 және №19-06-04/4228 хабарламасында жауапкерге 502 641,0 теңге және 446 554,0 теңге тұрақсыздық айыппұлы есептелген.

Сондай-ақ, 2022 жылдың 18 сәуірдегі №82/7 және №83/7 қосымша келісімшарттың 1.4-тармағына сәйкес, келісім оған аумақтық қазынашылық органында тіркеу күнінен бастап күшіне енеді және 2022-12-31 дейін әрекет етеді, деп мердігер мекеме «ПМК-7К» ЖШС-гін 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін аталған келісімшарт бойынша барлық міндеттемелерді орындалуын аяқтау міндеттелген болатын.

Алайда, мердігер мекеме «ПМК-7К» ЖШС-гі келісімшарттар бойынша нысанның жұмыстарын толығымен орындамаған.

Осыған орай, келісімшарт міндеттемелері 31 желтоқсан 2022 жылға дейін толығымен орындалмауына байланысты, келісімшарттың 8-бөлігі 8.3-тармағы негізінде 06 қаңтар 2023 жылы мердігер мекеме «ПМК-7К» ЖШС-не №37 үй бойынша 251 320,4 теңге және №38 үй бойынша 223 276,9 теңге тұрақсыздық айыппұлдары есептелген.

«Шымкент қаласыны «Тұран» ықшам ауданында 9 абатты №37 және №38 тұрғын үйлер құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау мақсатында конкурс жарияланып, нәтижесінде «Гранд-Мастер» ЖШС-мен 2023 жылдың 12 мамырында №136 және №137 келісім шарттары түзілген.

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 01.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 474 597 тенге тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі талап қоюын ішінара мойындап, тұрақсыздық айппұлымен келісетінін көрсете келе, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы бөлігі заңда көзделген 1 ай мерзімнен кешіктіріліп берілгендіктен қаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататындығы жөнінде қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағына 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272 бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Тараптар арасында түзілген шарттар мен қосымша келісім шарттар бойынша жауапкер 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін жұмыстарды орындап, тапсырыс берушіге тапсыруға міндеттенген.

Алайда жұмыстар орындалмаған, тапсырылмаған.

Жауапкердің талап қою мерзімі өтіп кеткен деген уәжі негізсіз, себебі шарттың орындалу мерзімі 31 желтоқсан 2022 жыл болса, талап қою 11 қаңтар 2023 жылы тапсырылған.

Істің мұндай тұрғысында сот жауапкерді мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген жұмыстарды тиісті түрде орындаудан бас тартқан деген қорытындыға келді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293 бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 01.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Жоғарыда аталған келісім-шарттың 8.3 тармағына сәйкес, Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы тарапынан 2022 жылға игеру жоспарланған қаржы көлемі мердігер тарапынан игерілмегендіктен 06 қаңтар 2023 жылы №19-06-04/109 және №19-06-04/110 хаттарымен 474 597 теңге тұрақсыздық айыппұл есептелініп, 5 жұмыс күн ішінде төлеу қажеттігі жөнінде ескертпе хаттар жауапкерге жолданған.

6 күнге 37 212 820,56 тенге қалдық қаржы №83/7 санды қосымша келісім шарттан 223 276,9 теңге және 41 886 740,65 тенге қалдық қаржы №83/7 санды қосымша келісім шарттан 251 320,4 теңге, жалпы 474 597 теңгені құраған.

Алайда, есептелінген тұрақсыздық айыппұлдар мердігер тарапынан бүгінгі күнге дейін мемлекетке ерікті түрде төленбеген, құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылмай, тапсырысшыға Ф-2, Ф-3 тиісті актілері өткізілмеген.

АК-нің 349-бабында міндеттеменің бұзылғандығы ұғымы көрсетілген яғни міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Жауапкердің келісім шартта көзделген міндеттемелерін орындамағанын ескеріп, сот талап қоюшының тұрақсыздық өндіру жөніндегі талабы негізді деп санап, жауапкерден 474 597 теңге тұрақсыздық өндіруге жатады деп табады.

АПК-нің 109-бабына сәйкес, жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж төлемін өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 01.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесінінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ПМК-7К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ПМК-7К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің кірісіне 474 597 (төрт жүз жетпіс төрт мың бес жүз тоқсан жеті) тенге тұрақсыздық сомасы және 6 471 (алты мың төрт жүз жетпіс бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 29.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 31.07.2023, судья Калдиева Л. Н., 01.08.2023

5265-23-3-6/38